

## Сакралды лексиканың зерттеудің кейбір мәселелері

**Қанатова Т.Қ.**

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 1-курс магистранты

Ғылыми жетекшісі - ф.ғ.к., профессор м.а Ахметова Маржан Кәкімқызы

Тіл дегеніміз - жеке-даралықтың бейтаныс кеңістігіне енуге көмектесетін бірден-бір құрал, себебі ол белгілі бір мәдениет аясында әлемді жекелеп тану тәсілін анықтайды. XX ғасырдың соңында лингвистикалық материалды ұлттық-тілдік қолдануда қарастыру үрдісі байқалды. Лингвистикалық зерттеулер антропоцентрикалық сипатқа иеленіп, қазіргі лингвистиканың басты назары тіл мен халықтың рухани мәдениетінің өзара байланысы болып табылады.

Тіл этнос тұрмыс-тіршілігі туралы ақпаратты таңбалап, көрсетеді. Осы тұрғыда Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді. Оның екі қыры бар. Біріншіден, ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту. Екіншіден, ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, оның бірқатар сипаттарын өзгерту. Ұлттық салт – дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда, ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс», - деп атап өтеді [1].

Этникалық сананың ерекшелігі мен мәдени стереотиптер тілдік тұлға ретінде көрініс табады, демек, бұл ұғым кеңінен түсіндірілуі мүмкін, яғни этномәдени және тілдік білім, құндылықтар мен мінез-құлық әсерлерін таратушының жалпыланған үлгісі болып келеді. Тіл шындықты паш етіп қана қоймай, оны адам өмір сүретін ерекше шындықты қалыптастыра отырып түсіндіреді. Киелі ұғым осында өз дамуына бастау алады.

Дәстүрлі түрде киелі ұғым «қасиетті», «дінидар», «діни» ұғымдарымен байланыстырылады. Сакралды (киелі) термині латын тілінен шыққан: sacer (sacri), «қасиетті, сенімге, діни мәдениетке қатысты», «ғұрыптық», «салт-жоралық».

Лингвистикада киелі құрамдас бөлшегі бар лексикалық бірліктердің түрлі дефинициялары қолданылады: мифологемдер [Коновалова 2007], киелі-діни лексика [Бабенко 2005], діни [Расторгуева 2005], шіркеу-діни [Булавина 2003, 2004], православиелік сенім лексикасы [Дубровин 2006] және т.б.Н.И. Коновалованың зерттеуін қоспағанда, аталған жұмыстарда киелі лексемалардың құрамына, негізінен, тек діни сипаттағы бірліктер кіреді.

Сакралды семантикалық көлемді қамтитын барлық бірліктер өзара байланысты үш белгілерге ие: тілдік, этномәдени және діни. Прагматикалық компонент сакралды лексиканы талдау кезінде негізгі болып табылады, өйткені ол адамның шындыққа, қоршаған әлемге, өзінің ішкі жағдайына қатысты ақпаратты қамтиды.

Сөздің шын мәніндегі киелі мағынасы - бұл сөздің негізгі мағынасын білдіретін және әртүрлі экспрессивті-эмоционалдық ақпаратты (оң немесе теріс) білдіретін коннотативті (қосымша) мазмұны [2,4].

Сакралды (лат. *sacrum*-қасиетті) - бұл тілде көрсетілген әдеттегі және әдеттегі шеңберден шығатын әлеуметтік шындықтың кесіндісі. Сакралдыбұл арғы дүниенің, сонымен қатар, құдайдың күшінің қатысуымен пайда болған тылсымнан тыс күш.

Тілде сакрализация үрдісі (*sacralization*) – бұл заттардың, құбылыстардың, «қасиетті» адамдардың мистикалық, сиқырлы мазмұнға ие болуы. Айта кету керек, киелі мазмұнды зерттеу лингвистика және гуманитарлық бағыттағы сабақтас ғылымдар, атап айтқанда, мәдениеттану, психология, диалектология, әлеуметтану, этнография, этнология тоғысында орындалған жұмыстарда көрініс табады.

XX-XXI ғасырлардың тоғысында діни әдебиетке деген қызығушылық айтарлықтай өсті және қазіргі қоғамның көптеген өкілдері – түрлі ұлт пен түрлі мамандық адамдары қасиетті

лексикаға жүгінді, олар күнделікті өмірде туындайтын маңызды сұрақтарына сол киелі кітаптардан жауап тапқысы келді.

Бұл ежелгі киелі мәтіндер, адамзат мәдениетінің бірегей ескерткіштері тұтас халықтардың дүниетанымын, олардың құндылықтар жүйесі мен әлем картиналарын едәуір дәрежеде анықтағандығымен түсіндіріледі. Олар адам болмысының көп ғасырлық тәжірибесі туралы ақпаратты қамтиды, сондықтан ұзақ тарихи дәуірдегі адамдардың өмірі, дәстүрлері, мәдениеті туралы білімнің баға жетпес көзі болып табылады.

1980-ші жылдардан бастап, өзінің күрделілігімен ерекшеленетін киелі ұғым пайда болды. 1980-ші жылдардан бастап Ресейде бірінші рет батыстан отандық ғылымға келген (XIX ғасыр мен XX ғасырдың ортасындағы ғалымдардың жұмыстарының арқасында – Э. Дюркгейм, Р. Отто, М. Элиаде және т.б.) «киелі» сөзі мен оның бір түбірден тараған туындылары белсенді түрде қолданыла бастады.

XX ғасырда (және негізінен 1940-1950 жылдары) сакралды жаңа ғылыми ұғым ретінде тұрақты ұстанымды ала бастайды. Сакралдының әр түрлі аспектілерін жанама түрде қарастырғандар: П.А. Флоренский (1922), Ю.П. Миролюбов (1996), С.С. Аверинцев (1997), В.В. Бибихин (1998), И.А. Есаулов (1995), Ф.В. Тагиров (2003), А.В. Денщикова (2004), И.М. Куренная (2004), Г.П. Мельников (2004), Л.А. Софронова (2004), Л. И. Титова (2004), Т. И. Чепелевская (2004), Л. А. Черная (2004), В. П. Троицкий (2005), С. Р. Абрамов (2006), В. В. Иванов (2008) және т. б. Терминологиялық деңгейде сакралды ұғым Д. М. Володихин (2000), Т. Г. Юрченко (2001), Ю. Б. Борев (2003), А. Г. Краснов (2005) және т. б. еңбектерінде қаралды.

Қазақ тіл білімінде этнолингвистика ұғымына Ә.Қайдар мынадай анықтама береді: «Этнолингвистика этнос болмысын оның тілі арқылы танып-білу мақсатынан туындаған лингвистиканың (тіл білімі) жаңа да дербес саласы». Этнос мәдениеті әрбір этносқа тән табиғи, әлеуметтік ортаға сәйкес қалыптасқан құбылыс. Өмір-тіршілік салты, ортақ тіл, ортақ дүниетаным, ортақ психология т.б. осының бәрін біз этнос мәдениетінен таба аламыз. Ал соның бәрін танып білудің ең басты құралы — тіл екендігін мәдениеттанушы-ғалымдардың бәрі мойындайды [3,36].

Ал ғалым Е.Жанпейісовтің пайымдауынша, «этнолингвистика өзінің бітім-болмысы, табиғаты жөнінен жалпы тарихи категория болып табылады. Себебі ол этностың қазіргісін ғана емес, көбінесе өткенін зерттейді. Ал этностың өткені оның этномәдени лексикасынан айқынырақ көрінеді» [4,21].

XX ғасырдың аяғында енгізілген киелі ұғымы ғылыми тілде, қажетті ұғымдық шекаралар мен бағыттар ала отырып, орныға бастайды. Қазіргі уақытта ол дін философиясының негізгі ұғымдарының бірі болып табылады. Бұл ретте киелі түсінігі басқа да ғылыми пәндерде көрініс табады.

Этномәдени ұғымдардың нышандары қазақ фольклорында да кездеседі. Осындай қасиетті де қадірлі Көк бөрі бейнесі – барлық түркі халықтарының ежелгі дәуір әдебиетінде, фольклорында есте жоқ ескі заманнан келе жатқан образ. Оны көнетүркіжазбаескерткіштерінен де кездестіре аламыз.

Қасқыр (лат. *Canis lupus*) — жыртқыш аң. Басқа атаулары да белгілі: бөрі, көкжал. Қасқыр — қайсар, аса сақ хайуан. Қайсарлығы — оның кез келген айқаста жеңіске жеткенше, не жеңіліп, демі үзілгенше шайқасуынан көрінеді. Ал аса сақ, аса қулығы әр түрлі әрекеттеріне байланысты айтылған.

Бұл «киелі» жануардың есімін балаларға беру де жиі кездеседі. Мәселен, Бөрібай, Бөріқұл, Бөлітірік, Қасқырбай, Бөрі және т.б.

«Алпамыс батыр» жырында басты кейіпкердің әкесінің Байбөрі аталуы да осы этномәдени көріністің белгісі іспеттес. Қасқыр атауына назар аударғанда, қазақ рухы бар баласының бойында үлкен құрмет, ерекше толқыныс пайда болады.

Сакралды мәнді лексемаларға талдау жасау ұлттың қазіргі ділінің ерекшеліктерін анықтауға ықпал етеді. Тарихи өткен фольклорда, фразеологиялық айналымдарда, метафорларда, мәдениет рәміздерінде көрініс табады. Қазіргі адам белгілі бір семалардың

қалай пайда болғанын түсіну үшін өз ата-бабаларының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын білуі тиіс.

Қазақ ырым-тыйымдарға, киелі ұғымдарға, салт-дәстүрлерге, өте бай халық. Атадан балаға мирас болып қалған әдет-ғұрып, салт-дәстүрлеріміз біздің бүгінгі өміріміздің күнделікті тұрмыс-тіршілігіне көрік пен мән береді. Баяғы заманда, біздің бала кезімізде деп басталатын, қай заманда пайда болғаны белгісіз кейбір киелі ұғымдардың шығу төркіні ұмыт болғанымен, олар халық арасында күні бүгінге дейін сақталып қалған [5].

Осының барлығы киелі немесе сакралды ұғымын зерттеудің өзектілігін тудырады. Өзіміздің ділімізді, тарихымызды, тұрмыс-тіршілігімізді терең тану үшін болашақта осы мәселені жан-жақты қарастыру қажет.

Алдымен, «сакралды» ұғымына тоқталу керек, оның жалпыхалықтық тілдің номинативті-экспрессивтік бірліктер қорына әсер ету жәнәкөркем әдібиеттегі бейнелеу-көркемдегіш құралдарының дереккөзі ретінде киелі сөздер мен оралымдардың рөлі мәселесін қарастырған жөн.

«Сакралды» сөзінің мағынасы ұрпақтан-ұрпаққа құпиялылық, сенім, сыйыну, өскелең ұрпақты тәрбиелеу арқылы жетеді. Киелі заттардың мағыналық мазмұнын сөзбен жеткізу оңай емес. Оны тек қана сезім арқылы ұғынуға болады.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Назарбаев Н.Ә. //Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. - 2017.
2. Кузьмина Т.В. Сакральная составляющая в лексических единицах русского языка (с привлечением единиц из болгарского языка). Автореферат дисс... к.ф.н. – Москва, 2011. – С. 4.
3. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері / Ә.Қайдар. — Алматы: Ана тілі.
4. Жанпейісов Е. Этнолингвистика // Ана тілі. — 1994. — № 3. — 21-б.
5. [adebiportal.kz/aza-ty-kiel-ymdary.page/](http://adebiportal.kz/aza-ty-kiel-ymdary.page/)